



Би Джи Групп Қазақстандағы ең озық шетелдік инвестор деп танылды



Биылғы жылдың ақпан айында шетелдік инвесторлар Кеңесінің отырысында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев BG Group бас атқарушы директоры Фрэнк Чапмэнге 2008 жылғы Қазақстандағы ең озық шетелдік инвестор ретіндегі жоғары марапат Бас жүлдені тапсырды.

Бұл награда компанияның Қазақстанмен 16 жылдан бергі тығыз қарым-қатынасының дәлелі.

Қазақстан мен оның ірі инвесторлары арасында қарым-қатынасты нығайта түсу үшін бұл шара үш жылда бір рет өткізіледі және «Үздік шетелдік инвестор» деп аталатын ең қызықты конкурстың бірі болып табылады.

Қазақстан экономикасының өркендеуіне қомақты үлес қосқан инвесторды анықтау

мақсатындағы бұл шараның идеясын ұсынған Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев болатын. Сөйтіп, 2003 жылдан бері 10 аталым бойынша өткізіліп келеді. Конкурс инвесторларға бизнестің ашық және кәсіби жүргізу нормаларына жауап беретін қызметін жүзеге асыру үшін жағдай туғызуға, сол сияқты Қазақстанда жұмыс істеген уақыт ішінде жинақтаған оң тәжірибелерін көрсете білуге арналған.

Конкурсқа қатысуға Қазақстан аумағында экономиканың өртүрлі секторларында, сауда, қару-жарақ, әскери техника өндірісі, темекі өнімдері мен алкогольді ішімдіктерді өндіруден басқа салалардың барлығында жүзеге асырып жатқан немесе атқарған инвестициялық қызметі үш жылдан кем емес компаниялар шақырылады.

Инвесторларды таңдауда

компанияның «нұқсан келмеген беделі, ашық жүргізілген жұмысы» басты орын алады. Сонымен бірге компанияның перспективалы дамуы, экспортқа бағытталған және импорт алмастыру өндірісін дамытуға тікелей инвестиция салуы, жергілікті тауарларды, жұмыстар мен қызметті пайдалануы, шығарылған өнімнің жалпы қалыптасқан сапа стандартына сай келуі, әлеуметтік саланың өркендеуіне қосқан үлесі, жұмыс орындарын ашуы мен оны сақтауы да конкурста есепке алынады.

Сол сияқты төралқа жауапты орындарға жергілікті мамандарды тарту, қазақстандық мамандардың шетелдерде оқытылуы, мемлекеттік бюджетке қарызының болмауы, келісім және рұқсат құжаттарының (лицензия, патент және т.б.) жағдайы, инвестиция жөнінде

келісім-шартының болуына да назар аударады.

Алматыдағы пленарлық отырыста Чапмэн мырза жұмыс орындарын ашу мен жаңа мамандықтарға оқытуды шетелдік инвесторлардың ролін атап көрсетті, оның айтуынша «Қарачаганак Петролиум Оперейтинг» компаниясында 4000 жақын жергілікті маман жұмыс істейді.

«Біздің Қазақстанға инвестиция салу ісін жалғастыра беретінімізді қуанышты түрде мәлімдеймін» - деді Чапмэн мырза журналистерге Алматы қаласында өткен президент Назарбаевпен кездесуден кейін.

Ол келіссөз барысында көптеген мәселелердің қаралғанын, соның ішінде Қарашығанақ кен орнында өндірісті кеңейту үшін, әсіресе қаржы дағдарысы кезінде ин-

вестиция салу мәселесі де талқыланғанын айтты. Өткен жылғы жұмыстарын қорытындылай келе, Фрэнк Чапмэн - өндіру мұнай эквиваленті бір күнге 470 мың баррельге жеткенін, ал бұл дегеніңіз КПО-ның Қазақстандағы ең ірі мұнай өндіруші жоба екенін көрсетеді - деп бағалады.

Сонымен бірге әлемдік қаржы дағдарысы компанияның Қазақстандағы жұмысына қалай әсер етеді деген сұраққа BG Group бас атқарушы директоры былай деп жауап қайтарды: «Біз Қазақстанда бұдан бұрын да болғанбыз, онда да жағдай осындай ауыр болатын, ал мұнай бағасы бір баррельге 10 доллардан төмен еді. Біз осы жолды елмен бірге жүріп өттік. Және осы жолды тағы да бірге жүріп өтуге әзірміз».

Ресей Федерациясының Қазақстандағы Елшісі Қарашығанаққа келді



Ақпанның 23 күні Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасындағы Елшілігі мен Консульдығы өкілдерінің тобы Төтенше және Өкілетті өкіл Михаил Бочарниковтың бастауымен Қарашығанақ кен орнына танысу үшін келді.

Жоғары дәрежелі қонақтар үшін КПО басшылығымен кездесу ұйымдастырылды, сол сияқты компанияның өндірістік қызметі жөнінде, аймақтың әлеуметтік-экономикалық өркендеуінің негізгі міндеттерін шешудегі оның қатысы жөнінде толықтай презентация өткізілді.

Сонымен бірге жоғары мәртебелі қонақтар кен орнын игеруге қатысқан ЛУКОЙЛ компаниясының өкілдерімен қызметтік кездесу өткізді, Қарашығанақ қайта өңдеу кешенін (КПК) және Қарашығанақ кен орнындағы басқа да өндірістік нысандарды аралап көрді.



ҚР мұнайгаз секторының операторлары ассоциациясының алғашқы отырысы

«Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы (КПО) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі Министрлікпен бірлесіп отырып (МЧС) Қазақстан Республикасының мұнайгаз секторының операторлары ассоциациясының алғашқы отырысын өткізді (АОНСК). Ассоциация құру идеясы 2008 жылдың қараша айында Ақсай қаласында ҚР технологиялық нысандардың тұтастығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету тақырыбында өткен конференцияда туды. Отырыстың басты мақсаты – ассоциация қалай жұмыс істейді және қандай мәселелерді қарайтынын анықтау.

Ассоциацияның алғашқы жиналысының жұмысына ҚР төтенше жағдайлар мен өндірістік қауіпсіздіктің мемлекеттік бақылау Комитетінің, халықаралық мұнай компанияларының, республикалық техникалық ұйымдардың өкілдері қатысты. Олар мұнайгаз саласының өндірістік нысандарын қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етудің өзекті мәселелерін талқылады. Бұдан басқа ұйымдастыру құжаттарын дайындау, ассоциация басшылығын сайлау және ассоциацияның алдында тұрған ең өзекті деген мәселелер бойынша жұмыс топтарын анықтау да жиналыстың басты мақсаттарының бірі болды.

Жиналысқа қатысқан ҚР төтенше жағдайлар министрі Владимир Божко былай деп атап көрсетті: «Мұнайгаз саласының қауіпсіздік мәселелері ерқашан да біздің министрліктің және өндірістік қауіпсіздік комитетінің жіті қадағалауында. Бұл біздің кен орындарының күрделі геологиясын есепке алғанда негізгі мәселелердің бірі».



АОНСК алғашқы отырысының қатысушылары.

Бұл отырыс туралы КПО-ның өндіріс жөніндегі директоры Антонио Балдассарре өз сөзінде былай деді: «КПО ассоциацияның ҚР төтенше жағдайлар министрлігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Норт Коста» Оперейтинг Б.В.» және «Тенгис-Шевройл» компанияларымен бірлескен жұмыстың нәтижесінде құрылғанын мақтанш етеді. Бұл ассоциация компанияның өкілдері – операторларға, мұнайгаз саласына қатысты басқа да ұйымдарға өндірістік қауіпсіздік пен технологиялық нысандардың тұтастығы бағытындағы озық тәжірибелерімен бөлісуге, сол сияқты жалпы мәселелер мен проблемалар бойынша бірлескен шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Ассоциация ҚР заңдар базасымен қарым-

ету саласында тәуекел факторларының есебі болып табылады. Біз осындай жетістіктерімізді Швейцариядағы қауіпсіздік жөніндегі DuPont Safety Awards арнаулы марапаттауына ие болғанын мақтанш етеміз. Бұған қосымша КПО-ның еңбек ұжымы жақында апатсыз жұмыс уақытын жоғалтпай жұмыс істеуді 25 миллион адам – сағатқа жеткізді, ал бұның тамаша жетістік екенінде сөз жоқ», - деп атап көрсетті Антонио Балдассарре.

КПО үшін қоршаған ортаны қорғау мен апатсыз өндірісті қамтамасыз ету басым бағыттардың бірі болып табылады. 2008 жылы өткізілген 14001 ISO стандарты бойынша КПО-ның экологиялық менеджменті жүйесі сертификатына қосымша биылғы жылы КПО OHSAS 18001 қауіпсіздік сертификатын алуды жоспарлап отыр. Бұның барлығы компанияның өндірістік тәуекелдерінің және техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау мен қоршаған ортаны қорғау көрсеткіштерінің жақсаруы үнемі қадағаланып отыратындығының кезекті дәлелі. Отырысқа КПО компаниясы атынан қатысқан Қарашығанақ кен орнының менеджері Пол Митч өз сөзінде былай деді: «ҚР ТЖМ бірлескен жұмысымыз ассоциация құруға алып келгенін мақтаншпен айтқым келеді. Бұл ассоциация өндірістік нысандардың тұтастығы мен компания операторлардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде озық тәжірибелер форумы болып табылады».

Мұнайгаз операторларының ассоциациясын құрудағы басты мақсаттарының бірі - тәжірибе алмасу болып табылады. Пол Митчтің айтуы бойынша олардың тәжірибелері өз әріптестерімен бөлісуге тұрарлық.

Роберт Бернс Ақсай қаласында

КПО компаниясының басшылығы шотландық ұлы ақынның 250 жылдығына арналған «Роберт Бернстің кеші» атты қайырымдылық акциясын өткізді. Бұл акция 13 ақпан күні Ақсай қаласының Чехтар қалашығы деп аталған вахта қалашығында өтті.

Ұйымдастырушылардың айтуы бойынша шараның негізгі мақсаты – Ақсай қаласының қайырымдылық ұйымдары үшін

ақша қаражатын жинау.

КПО компаниясы жергілікті халықты қолдауға арналған қайырымдылық акцияларын өткізуге үнемі қатысып келе жатқанын атап айтқымыз келеді, ал КПО-ның көптеген қызметкерлері Берлі ауданындағы қайырымдылық мақсатындағы іс-шараларға жеке үлестерін қосып отырады.

Бұл қайырымдылық шарасына шотландық ақын Роберт Бернстің құрметіне жайылған

дәстүрлі дастарханға арнайы шақырылған шотландық музыканттар қатысты.

Бернстің кеші – шотландық көптеген поэмалардың, соның ішінде шотландықтардың жаңа жылы алдында Хогманейде халық әні ретінде, сол сияқты әлемдегі басқа да жаңа жыл мерекелері кезінде орындалатын «Олд Лэнг Зайн» («Ежелгі қайырымды уақыт») өлеңін қоса айтқандағы авторы болып табы-



латын ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған дәстүрлі кеш.

8 адамға арналған жеке үстелдің бағасы 80000 теңгені құрайды, немесе әрбір жеке адамға 10000 теңгеден келеді. Бұл шараға қатысқысы келетіндер алдын ала КПО компаниясының ұйымдастыру комитетіне үстелге немесе орынға тапсырыс беретін болып жоспарланған.

Кеш дастархананы КПО-ның және оның мердігерлік компанияларының барлық қызметкерлері үшін кеңінен жайылды. Кеште жиналған қаржы түгелдей жергілікті қайырымдылық ұйымына жіберілмекші. Жиналғандар ұлттық кимдегі шотландиядан келген музыкалық орындауындағы шотландықтардың дәстүрлі музыкасын үлкен сүйіспен тыңдады. Сонымен бірге қонақтар шотландықтардың бай мәдениетімен және дәстүрімен терең танысуға мүмкіндік алды.

Қайырымдылық кешінде лотерия ойыны ойналды. Ұтысқа қойылған заттардың ішінде Бангкок пен Лондонға ұшу билеттері де болды. Өткізілген акцияның нәтижесінде 3068875 (20459) көлемінде қомақты қаржы жиналды, ол бас директордың кеңсесі қадағалайтын қайырымдылық қорына: сонымен жергілікті қайырымдылық ұйымдарына бөлу үшін жіберіледі.

Лотерея ретінде ойнатылған ұш негізгі ұтыс-сыйлық мына ойыншылар арасында былайша бөлінді: 1-інші ұтыс – «Болашақ» компаниясы ұсынған Орал- Бангкок-Орал билеті, оны аукционда «Транс Глобалдан» Крис Смит ұтып алды. 2-інші ұтыс - «Транс Глобал» компаниясы ұсынған Орал-Лондон-Орал билетін аукционда «Кис Орионнан» Колин Линд ұтты. Ал 3-інші ұтысты – «Кис Орион» компаниясы ұсынған үлкен теледидарды Фарид Сахметова ұтып алды.

КПО апатсыз 25 миллион адам-сағатқа жетті

2009 жылдың 1 ақпанында КПО компаниясы орасан зор көрсеткішке жетті – 25 миллион адам-сағат жұмыс уақытын жоғалтпай апатсыз жұмыс істеген. Осы елеулі шараға орай, КПО компаниясы 11 ақпанда КПО-ның ерекше көзге түскен қызметкерлері мен департаменттерін марапаттаған салтанатты рәсім өткізді. Оған осы рекордты қоюға тікелей қатысқандардың барлығын құттықтау үшін Қарашығанаққа жоғарыдан арнайы келген Умберто Верджини, Филиппо Капурсо, Паоло Кампелли (Эни), Марк Карн (Би Джи Групп) және Питер Дранфилд (Би Джи Қазақстан) қатысты.

Рәсім рәсімінің ашылу салтанатында бұл рекордқа Жобада қызу жұмыс жүріп жатқан уақытта қол жеткені атап өтілді. Соңғы тоғыз айда КПО компаниясы өзінің өндірістік нысандарының жоспарлы-профилактикалық жұмыстарын мерзімінен бұрын аяқтап, қазіргі уақытта екі маңызды инфрақұрылымдық нысанның құрылысын үлкен шапшаңдықпен жалғастыруда, олар: 4-інші технологиялық линия мен Қарашығанақ - Орал газ желісі.

Алғашқылардың бірі болып сөз алған Умберто Верджини мен Марк Карн жиналғандарды техника қауіпсіздігі бойынша осынау зор көрсеткішке жетуімен құттықтады. Марк Карн өз сөзінде әлемдік қаржылық дағдарысқа қарамастан, өз күшін алға қойылған мақсатқа біріктіре білу қажет, ал ең маңыздысы апатсыз, жарақат пен авариясыз жұмыс істеу – деп атап көрсетті. «КПО қызметкерлері алдағы жылдарда да тамаша көрсеткіштерге жете береді деп сенемін. Сіздердің өз істеріңізге деген адалдығыңыз бен күнделікті қажырлы еңбектеріңізсіз бүгінгі Қарашығанақтағы табысқа қол жеткізу мүмкін емес еді», – деді Марк Карн жиналғандарға.

КПО-ның бас директоры Роджер Фокс пен техника қауіпсіздігі жөніндегі менеджер



Уэйн Джонсон алғашқылардың бірі болып осы рекордқа жетуге қосқан үлесі үшін мемориалды тақта түріндегі ескерткіш сыйлықты алды, оларға Умберто Верджини мен Марк Карн табыс етті. Марапатталғаннан кейін сөз алған Роджер Фокс жоғары мәртебелі қонақтарға алғыс айта отырып, «Бұл ірі жетістікке жекелеген департаменттің немесе өндірістік кешеннің күшімен емес, КПО-ның барлық қызметкерлерінің бірлескен еңбегінің арқасында жеттік. 2008 жылдың ішінде біздің компанияның қызметкерлері көптеген жақсы жетістіктерге жетті, сондықтан да бүгін біз ерекше көзге түскен командалар мен техника қауіпсіздігі жөнінде жақсы көрсеткішке жеткен қызметкерлерді атап айтқымыз келеді», – деп атап көрсетті.

Бұл күні Қарашығанақ қайта өңдеу кешенінің (КПК), ГП-2, ГП-3, KATS, инфрақұрылым мен сервис департаментінің, транспорт бөлімінің, 4-технологиялық бөлімнің, «Сайпар» мердігерлік компаниясының, Group 4 Security, Хертц, сол сияқты КПО-ның және басқа да мердігерлік ұйымдардың үздік қызметкерлері марапатталды. Олардың ішінде «Хертц» компаниясының жүргізушісі Евгений Пастухов, КПО компаниясының келісім шарттар мен қамту бөлімінің маманы Гуля Омарова, ППР командасының жоспарлау жөніндегі аға инженері Ольга Петрова, Group 4 Security компаниясының күзетшісі Марат Қойшеғұлов, ТҚ жөніндегі менеджер Елена Булатовалар бар.

Сонымен бірге Роджер Фокс жақында ГП-3ке Том Хэнсонның орнына менеджер болып тағайындалған Анатолий Капурловты құттықтады.

Марк Карн және Умберто Верджини Гуля Омарова мен Ольга Петрованы марапаттауда.